

# Перспектива: Шатыстырушы камуфляж

## Сабақтың негізгі мазмұны

Бұл фильмде екі дүниежүзілік соғыс кезіндегі жауды шатастырып, кеменің жылдамдығы мен бағытын дұрыс анықтауға мүмкіндік бермей, осылайша жаудың ракета соққысын жүзеге асыруын қынданту үшін шатыстырушы камуфляж қолданғандығы айтылады. Бұл әдіс айтартықтай тиімді еді, ейткені кемелерді шабуылдаушы сұнгур қайықтардағы перископ арқылы ғана көру мүмкін еді. Бұл фильм векторлар мен масштабтық сызбаларды қолдану жайында сөз қозғайды.

Фильмді көріп, түсіну үшін векторлар мен шкалалар туралы ешқандай арнайы білім талап етілмейді.



### Негізгі нәтижелер

#### Сабақтың негізгі мақсаттары

- Екіөлшемді кескіндеңін терендігі мен қашықтығын көрсету үшін перспективаны қолдана білу.
- Сызбадағы масштабтарды қашықтықты, жылдамдықты және бағытты анықтауға қатысты есептеулерді жүргізуде қолдана білу.
- Орташа жылдамдық, қашықтық және уақыт аралықтарындағы қатынасты түсіну және қолдана білу.

#### Ұсынылатын жаттығулар

- Бір минуттан соң бағыты мен жылдамдығы бес градусқа және 10%-ға өзгеретін кеменің барлық мүмкін позицияларын көрсетініз.
- Кемелер және торпедалар ойынын ойнаңыз. Бір окушы өз торпедасын өзге оқушының кемесін шабуылдауға жіберуі тиіс.


### Қосымша нәтижелер

#### Сабақтың негізгі мақсаттары

- Векторлардың модулі мен қоса бағыты да болатынын түсіне білу.
- Бір немесе бірнеше векторлардың қорытқы векторын таба білу.
- Векторлық тендеулерді шеше білу.

#### Ұсынылатын жаттығулар

- Векторлық тендеулер арқылы сыйықтық кеме мен торпеданы жобалаңыз.
- Көзделген жерге дәл тигізу үшін торпеданың бағыты мен қажетті жылдамдығын табуда векторлық тендеулерді шешіңіз.



Екі дүниежүзілік соғыс кезінде де, соғыс кемелері оптикалық иллюзия тудырып, жау көзін алдау үшін камуфляж әдісін қолданған.

## Ұқсас фильмдер



Сабак жоспарына дейін қолдану:

**Эшер және шексіз баспалдақ**

Бұл фильмде біздің әлемнің шынайы бейнесін көре алмайтындығымызben қатар, көріп түрған нәрсемізді ғана түсініп, сол туралы ой түйетініміз туралы айтылады.

Сабак жоспарынан кейін қолдану:

**Практикалық алгебра: Танкілер шайқасы**

Бұл фильмде ұрыс алаңында жиналған танк санын анықтаудағы математикалық модельдердің қолданылуы сипатталады.

**Векторлар: Әуе қозғалысын басқару**

Бұл фильмде әуе қозғалысын басқару, ұшақтарды артынан радар, электрондық құрылғылар және математиканың көмегімен бақылайтындығы сипатталады.

## Сабак жоспары

## Кіріспе

Екі жұмысақ доп алғып, ашық әрі кең жерге шығыңыз. Бір допты окушыға беріп, одан допты сіздің добыңызды соғатындей етіп домалатуын сұраңыз. Содан соң өз добыңызды окушыдан басталатын бағытпен домалатыңыз. Басқа окушыларға да домалатуға мүмкіндік беріп, нәтижелерін жазып алыңыз. Окушылардан сұраңыз: егер сендер доптың бағыты мен жылдамдығын анықтай алмасандар, қажетті допқа тигізе алар ма едіндер?

## Фильм көрсету



## Перспектива: Шатыстырушы камуфляж

## Негізгі жаттығулар

## Негізгі деңгей

Окушыларға бір минуттан кейін, В сзызықтық кемесінің вертикаль бойынша 60 градустық бұрышта, секундына үш метр жылдамдықпен қозғалғандағы орналасуын көрсететін масштабты сызба салуын тапсырыңыз. Содан соң, егер жылдамдық секундына 2,7 және 3,3 метр, ал бұрыш 55 пен 65 градус аралығында болғандағы мүмкін болатын көптеген орналасу позицияларын көрсетуді сұраңыз.

## Терендетілген деңгей

Окушыларға векторды түсіндіріп, сәйкес мысалдар келтіріңіз. Векторларды  $i$ ,  $j$  түрінде белгілей отырып, линкор мен торпеда үшін  $t$  уақытындағы векторлардың орналасуын жазыңыз. Торпеда жылдамдығы  $k$  болсын, мұндағы  $\nu$  – берілген жылдамдық, ал  $k$  – мәні анықталуы тиіс тұрақты көбейткіш. Екі радиус-векторды тепе-тең етіп алғып, торпеданың қажетті жылдамдығын табыңыз.

### Қосымша жаттығулар

#### Негізгі деңгей

Оқушыларды жүптарға бөліп, сызықтық кемелер мен торпедалар ойынын ойнауды тапсырыңыз. Бір оқушының кемені парақтың жоғарғы сол жақ бөлігі арқылы басқарса, басқасы парақтың төменгі оң жақ бөлігінде торпедоны басқарады. Оқушылар өз объектілерін кезекпен жылжытып отырады. Олар қозғалыс бағытын алдын-ала ойластырулары тиіс және объектінің бір қадам жасағанда қаншалықты алысқа жылжитынын болжай білуі тиіс. Бағыт пен қашықтық келесі қадамдарда бұрынғыша қала беруі тиіс. Сызықтық кеме бірінші кез-келген бағытта төмен және оңға қарай жүреді. Бірінші қадамнан кейін, өз жолындағы қозғалысына байланысты торпеда кемеге тигізу үшін тағайындалған бағыт пен “жылдамдық” бойынша жіберіледі.

#### Терендетілген деңгей

Сұңғуір қайық капитаны сызықтық кемеге ракетаны тік бұрышпен жіберсе тиу мүмкіндігі жоғары болады деп шешті. Торпеданың жылдамдығын және бағытын анықтайтын нақты шкала диаграммасын сзызыңыз. Оқушылар мұнды векторлар көмегімен анықтай ала ма?

### Міндетті емес қосымша тапсырмалар

Екі вектордың скаляр көбейтіндісінің не екенін және олардың өзара перпендикуляр екенін көрсету үшін қалай қолдануға болатынын зерттеңіз. Сызықтық кеменің векторлық сзызығын беріп, осы түзуге перпендикуляр вектор өрнегін шығарыңыз.



Шатыстырушы камуфляж перспективаны ұтымды пайдалануға негізделген.  
Қанық түстер кеменің қай бағытта келе жатқанын анықтауды қыындарады.